

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 548 -қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарлама мақсаты - жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеудің тәжирибелік дағдыларын меңгеру үшін қажетті грамматика, орфография және пунктуация бойынша қарапайым білімдерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;
2) тілдің дыбыстық құрамын, грамматика және жазу бойынша қарапайым мәліметтерді меңгеру негізінде сауатты жазудың дағдыларын қалыптастыру;

3) өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дәйекті және дұрыс баяндауға үйрету;

4) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгеру;

5) білім алушылардың сабаққа, ересектермен және сыныптастармен қатынас жасауға қызығушылығын дамыту;

6) білім алушыларға қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгертіп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету, танымдық іс-әрекетінің жетіспеушіліктерін жеңу;

2) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;

3) дербестікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті қалыптастыру;

4) білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

6. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды түзете-дамыта оқыту қағидасы арнайы әдістермен және оқу-әдістемелік тәсілдерімен қамтамасыз етіледі: үздіксіз қайталау, жаңа материалды меңгеру үшін арнайы жағдай жасау, міндетті түрде көрнекіліктерді қолдану, балалардың заттық-тәжірибелік іс-әрекетін кеңінен пайдалану, әрекеттерінің алгоритмделуі, орындаған жұмыстарын баяндап отыруды талап ету, оқу әрекетінің әр қадамына басшылық ету, бақылау.

7. Ойлау, тіл және коммуникация дамуының біртұтастық қағидасы сөйлеу тілінің негізіндегі қарым-қатынастың үнемі дамуын қарастырып, сөздік-логикалық ойлау қабілетінің қалыптасуы мен мінез-құлығының реттелуіне әсерін тигізеді.

8. Іс-әрекеттік тәсіл педагогтың жетекшілігімен орындалатын оқушылардың заттық-тәжірибелік, ойын, бейнелеу, қолданбалы әрекетін кеңінен қолдануды және орындаған әрекеттерін айтып отыруды көздейді, ал ол өз бетінше, білім алушылардың жоғары психикалық функцияларының дамуына және өмірлік тәжірибесінің жинақталуына ықпал етеді.

9. Жеке тәсілі және саралап оқыту қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

10. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

- 1) түсінік беру әдісі;
- 2) дидактикалық ойындар;
- 3) тірек сызбалар;
- 4) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;
- 5) «үнсіз» сұрақ;
- 6) заттық, сюжеттік суреттерді қолдану кезіндегі тіл шығармашылығы.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

13. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

14. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

15. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

16. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; бұл ретте педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

17. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескеріле отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

18. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

3 - тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

19. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

20. Бағдарлама 5 бөлімді қамтиды:

- 1) «Дыбыс және әріп» бөлімі;
- 2) «Сөз» бөлімі;
- 3) «Сөйлем» бөлімі;
- 4) «Байланыстырып сөйлеу» бөлімі;
- 5) «Тілдік нормаларын қолдану» бөлімі.

21. «Дыбыс және әріп» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту;
- 2) дыбыс және әріп арасындағы байланысы;
- 3) дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігі;
- 4) дыбыстардың буын құру функциясы;
- 5) қазақ тілі әліпбиі;
- 6) дауыссыз дыбыстардың топтамасы.

22. «Сөз» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттың атауын білдіретін сөздер;
- 2) әрекетті білдіретін сөздер;
- 3) санды білдіретін сөздер;
- 4) заттың сынын білдіретін сөздер;
- 5) түбірлес, мағынасы жақын, қарама-қарсы мағыналы сөздер.

23. «Сөйлем» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру;

- 2) сөз жасам дағдыларын дамыту;
- 3) сөйлем түрлерімен таныстыру (хабарлы, сұраулы, лепті);
- 4) сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру, сөйлем құрамын талдау.

24. «Байланыстырып сөйлеу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) диалогтік сөйлеуін дамыту;
- 2) мәтінмен жұмыс (сұраққа жауап беру, қысқаша мазмұнын айту);
- 3) әртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну;
- 4) қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру.

25. «Тіл нормаларын қолдану» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық нормалар;
- 2) орфоэпиялық нормалар;
- 3) пунктуациялық нормалар;
- 4) каллиграфиялық нормалар.

26. 2 - сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыс және әріп: қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету, қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстарды дұрыс айту, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну. Әр түрлі дыбыстарды ажырату; сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтау, бөліп айту; дыбысты дұрыс айту. Дыбыс және әріп арасындағы байланыс. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. Дыбыстардың буын құру функциясы. Қазақ тіліндегі әріптердің реті (әліпби). Дауыссыз дыбыстардың бөлінуі. Қатаң және ұяң дауыссыздар. Олардың айырмашылығы;

2) сөз: заттың атын білдіретін сөздер. Кім? Не? деген сұраққа дұрыс жауап беру. Әрекетті білдіретін сөздер. Не істейді? Не істеді? деген сұраққа жауап беру. Есімдіктің жағына, шағына қатысты сөздердің мағынасын түсіну. Заттың санын білдіретін сөздер. Қанша? Неше? Нешінші? деген сұраққа жауап беру. Заттың сынын білдіретін сөздер. Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беру. Түбірлес, мағынасы жақын, қарама-қарсы мағыналы сөздер;

3) сөйлем: сөз өзгерту. Көптік жалғаулардың мағынасын түсіну. Үлгі бойынша көптік жалғаулар арқылы сөзді өзгерту. Сұраққа жауап беру, жазу. Септік жалғаулардың мағынасын түсіну, тәжірибелік түрде меңгеру. Сөзжасам. Үлгі бойынша кішірейтіп айтылатын жалғауларды қолдану. Сөйлем түрлері (хабарлы, сұраулы, лепті). Сөйлем құрылымы. Жай және жайылма сөйлем. Сөйлем құрау, сөйлем құрамын талдау;

4) байланыстырып сөйлеу: диалогтік сөйлеу: сұраққа толық жауап беру, қарапайым сұрақ қоя білу (ойнайсың ба? барарсың ба?). Мәтінмен жұмыс (сұраққа жауап беру, қысқаша мазмұнын айту): екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу (сурет мазмұны, белгілі тақырып бойынша);

5) тіл нормаларын қолдану: орфографиялық нормаларды сақтау. Кісі, жер, су аттарын жазылу ережелерін сақтап жазу. Тасымалдау емлесін сақтап жазу. Орфоэпиялық нормаларды сақтау. Қазақ тіліне тән дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту. Пунктуациялық нормаларды сақтау. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату. Тыныс белгілерін қоя білу (мұғалімнің көмегімен), қолдану. Каллиграфиялық нормаларды сақтау. Бас

әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазу. Бас әріп пен кіші әріптерді талаптарға сәйкес бір-бірімен байланыстырып анық, айқын жазу. Әріптерді, сөздерді, құрылымы жеңіл сөйлемдерді жат жазу. Әріпі жетіспейтін сөздерді жазу. Белгілі бір әріп бойынша сөздер жазу. Көру, есту және түсіндірме диктант жазу.

27. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыс және әріп: қазақ тілде дыбыстарды дұрыс айту: дыбыстардың мағына ажыратушы функциясын практикалық түрде меңгеру. Дыбыс және әріп арасындағы байланысы. Ұқсас әріптерді сөзде, сөйлемде дұрыс қолдану, есте сақтау (бас әріп, кіші әріп). Бас әріптері құсас әріптерді ажырата білу (п-т, ш-т, л-м). Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке бөлінуі. Үндестік заңына сәйкес жуан, жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту, ажырату. Дауыстылардың буын құру функциясы. Буындардың құрамы: әртүрлі сөздерді буынға бөлу, санын, кезектілігін анықтау. Буын ережелері. Тасымалдау жолдары. Қазақ тіліндегі әріптердің реті (әліпби). Қазақ тілінде әріптердің орналасу тәртібі. Дауыссыз дыбыстардың бөлінуі;

2) сөз: заттың атын білдіретін сөздер. Жанды, жансыз заттарға сұрақ қою (кім? кімдер? нелер?). Кімді? Нені? Кімге? Неге? Кімнің? Ненің? деген сұрақтарды қоя білу және жауап беру. Әрекетті білдіретін сөздер. Заттың, құбылыстың қимылын, әрекетін білдіретін сөздерді Не істеді? Қайтті? деген сұрақтарға жауап беру арқылы айта білу; затты, нәрселерді ұқсас қимыл-әрекеттері бойынша атай білу. Не қалай дыбыстайды? Не жүреді/ ұшады? заттардың аты мен қимылын білдіретін сөздерден сөйлем құрай білу. Заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру. Заттың сынын білдіретін сөздер. «Қандай?» деген сұрақ бойынша заттың түсін, дәмін, көлемін атай білу. мәтіндегі сынды білдіретін сөздерді табу, жазу, мағынасын түсіну, салыстыру. Мағынасы жақын, қарама қайшы келетін сөздер;

3) сөйлем: сөз өзгерту. Көптік, септік жалғауларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану. Сөзжасам. Ша-ше, шық-шік, жан, тай сияқты кішірейтіп, еркелетіп айтылатын жұрнақтарды қолданып сөз өзгерту. Есімдіктің жағына, шағына қарай етістікті өзгерту. Сөйлем түрлері. Сөйлемді сұрақ арқылы кеңейту. Жай сөйлемнің құрылысымен танысу; берілген сұраққа жауап бере білу; суреттер бойынша сөйлемдер құра білу; басталған сөйлемді аяқтай білу; орны ауыстырылған сөздерден сөйлем құрай білу; берілген мәтіннен қажетті сөйлемді бөліп ала білу, сөйлемдегі сөз санын анықтай білу; сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылатынын білу; сөйлем соңына нүкте қойылатынын түсіну, тәжірибе арқылы жаттығу көрсете білу; сызба бойынша сөйлем құрастыра білу;

4) байланыстырып сөйлеу диалогтік сөйлеу: белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап. Әр түрлі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, түсінігін сұрақ бойынша қысқаша айту, жазу. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау (неге ұнайды? неге ұнамайды?), дыбыстық құрамын сақтап жазу. Оқулықтағы жазба жұмыстарын орындау. Ауызша құрастырылған сөйлемдерді сызба үлгісі бойынша дәптерге көшіріп жазу;

5) тіл нормаларын қолдану: орфографиялық нормаларды сақтау, қазақ тіліне тән әріптер кездесетін сөздерді дұрыс жазу. Орфоэпиялық нормаларды сақтау. әріп пен дыбыстарды ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту. Пунктуациялық нормаларды сақтау. жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілері. Каллиграфиялық нормаларды сақтау. жазу техникасын меңгеру; бас және кіші әріптерді жаза білу; оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу; жазбаша және баспа әріптермен жазылған сөздерді буынға бөліп көшіру; жазылуы мен айтылуы бірдей сөздерден құралған жай сөйлем жаза білу. Қолжазба және баспа мәтінін тұтас сөздермен көшіріп жазу. 20-25 сөзден құралған мәтінді жат жазу.

28. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыс және әріп: қазақ тілде дыбыстарды дұрыс айту: ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу. қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібімен танысу; әліпбидің анықтамасымен танысу, жаттау; сөздерді әліпби ретімен орналастыру. Әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер). Жуан (а, о, ы, ұ), жіңішке (ә, ө, і, ү) дауыстылар айтылуы мен естілуін ұғыну, сөзде дұрыс жазу. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Жұп (а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү) дауыстыларды ажырату. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дыбыстыларды дұрыс өзбетімен қолдану. Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң және үнді дауыссыздар. Буын және тасымал: дауыстылардың буын жасай алатыны; сөздерді буынға бөлу; тасымалдау жолдарын мысалдар арқылы ұғыну; тасымалданбайтын сөздер; жуан және жіңішке айтылатын дыбыстар (Ана, Әке). Сөздер мен сөйлемнен жуан және жіңішке болып қолданылған дауыссыздарды табу, астын сызу. «Я, Ю» әріптердің емлесі. Жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ). «И, Й» әріптердің жазылуы. Осы әріптер кездесетін сөздерге буындық және дыбыстық талдау жасау. «В, Ф» дыбысы мен әріптері. Айтылуы мен жазылуында ажырату. Сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасау;

2) сөз: заттың атын білдіретін сөздер. Заттың атын білдіретін сөздер туралы оқушылардың ұғымдарын кеңейту; сөздерге Кім? Не? деген сұрақтарды дұрыс қоя білу және жауап беру; заттың суреттері арқылы сөздер ойластыру; Кімді? Нені? Кімге? Неге? Кімнің? Ненің? деген сұрақтарды қоя білу және жауап беру; затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел-беті, аяғы, тартпасы); затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт - жемістер); білім алушылардың жалқы *есім* туралы ұғымдарын кеңейту; қала, ауыл, көше, кісі аттарын бас әріппен жазылуын білу. әрекетті білдіретін сөздер. Әрекетті білдіретін сөздер туралы ұғымдарын кеңейту; әрекетті білдіретін сөздерге сұрақ қоя білу; әрекетті білдіретін сөздерді мәтіннен таба білу; әрекетті білдіретін сөздерді қатыстырып сөйлем құрау; Не істейсің? Не істедің? деген сұрақтарға жауап беру; берілген қимылдың иесі бола алатын заттардың атын анықтау. Не маңырайды? Не боздайды? Заттың санын, сапасын, белгісін білдіретін сөздер. Қандай? Қай? Неше? деген сұрақтар арқылы заттың белгілерін анықтау; заттың санын, сапасын, белгісін білдіретін сөздерді мәтіннен дұрыс таба білу; оларды заттың атын білдіретін сөздермен

дұрыс тіркестіріп айта және жаза білу; аталған заттың бірнеше белгісін (сапасын) тауып айту және бірнеше белгіні (сапаны) білдіретін сөздерге қарап заттың атын таба білу; Екі затты сапалары бойынша салыстыру (қар – ақ, көмір – қара, мақта – жұмсақ, тас – қатты); сөз тіркестерін құрастыру: ақ көйлек, қара бояу, үлкен мектеп, биік ағаш. Түбірлес сөздерді түсіну. Түбірлес сөздердің анықтамасын білу;

3) сөйлем: жай сөйлем құрылымымен танысу; Кімнің? Ненің? Кімді? Нені? Кімге? Неге? Кімде? Неде? Кімнен? Неден? Кіммен? Немен? деген сұрақтар арқылы сөйлем құрай білу; сөйлемді мәтіннен ажырата білу; сөйлемді аяқтап жазуды үйрену; сұрақ бойынша сөйлемді толықтыруға дағдылану; берілген жауабын түсініп жаза білу (Самат ненің суретін салды? Самат әтештің суретін салды); сөйлемдегі сөздердің ретін схема арқылы көрсету;

4) байланыстырып сөйлеу: ретсіз берілген сөздерді мағынасына қарай ретімен орналастырып жаза білу; мазмұндаманың мәтінін құрап, сөйлемдерді жүйелі түрде реттілікпен айту; сурет бойынша шағын мәтін құрастыру;

5) тіл нормаларын қолдану: орфографиялық нормаларды сақтау. Жалқы есімдер түбірлес сөздерге қатысты ережелерді сақтау. Орфоэпиялық нормаларды сақтау. Пунктуациялық нормаларды сақтау. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану. Каллиграфиялық нормаларды сақтау. Әріптерді үзбей, біркелкі, таза жазуын жетілдіру. көркем, әдемі жазуға дағдылану. Қолжазба және баспа мәтінін тұтас сөздермен көшіріп жазу. 25-30 сөзден құралған мәтінді жат жазу.

29. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

31. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.1 кодында «2» - сыныбы, «1.2» - бөлімшесі, «1» - оқыту мақсатының реттік саны.

32. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Дыбыс және әріп» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2 – сынып	3 - сынып	4 - сынып
1.1 Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту	2.1.1.1 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды дұрыс айту, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну; 2.1.1.2 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды буында, ажырату; 2.1.1.3 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды сөзде ажырату	3.1.1.1 дыбыстардың мағына ажыратушы функциясын практикалық түрде меңгеру	4.1.1.1 ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу
1.2 Дыбыс және әріп арасындағы байланыс	2.1.2.1 дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың әріптік таңбалары; 2.1.2.2 акустикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер); 2.1.2.3 оптикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер); 2.1.2.4 кинетикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер)	3.1.2.1 ұқсас әріптерді сөзде, сөйлемде дұрыс қолдану, есте сақтау (бас әріп, кіші әріп); 3.1.2.2 бас әріптері құсас әріптерді ажырата білу (п-т, ш-т, л-м)	4.1.2.1 әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер)
1.3 Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігі	2.1.3.1 жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс айту, ажырату, олардың дыбысталу	3.1.3.1 үндестік заңына сәйкес жуан, жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту, ажырату;	4.1.3.1 жуан (а, о, ы, ұ), жіңішке (ә, ө, і, ү) дауыстылар айтылуы мен естілуін ұғыну, сөзде дұрыс жазу;

	<p>ерекшеліктерін түсіну; 2.1.3.2 сөздегі жуан, жіңішке дауыстыларды табу</p>	<p>3.1.3.2 сөздерді мәтіннен табу</p>	<p>сөзге дыбыстық талдау жасау; 4.1.3.2 жұп (а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү) дауыстыларды ажырата білу; осы дыбыстар кездесетін сөздерге дыбыстық талдау жасай білу; 4.1.3.3 әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дауыстыларды дұрыс өзбетімен қолдану</p>
<p>1.4 Дыбыстардың буын құру функциясы</p>	<p>2.1.4.1 буын ұғымымен танысу, түсіну; 2.1.4.2 буын құру тәжірибе жүзінде меңгеру; 2.1.4.3 әртүрлі буындарды талдау; 2.1.4.4 буын саны әртүрлі сөздерді буынға бөлу; талдау үлгісін сызу; 2.1.4.5 тасымал жасауды тәжірибе жүзінде көрсетіп түсіндіру; 2.1.4.6 сөздердің дыбыстық, буындық құрамын талдау</p>	<p>3.1.4.1 буынды құрудағы дауыстылардың функциясын түсіну; 3.1.4.2 буындардың құрамы әртүрлі сөздерді буынға бөлу, санын, кезектілігін анықтау; буын ережелерін түсіну; 3.1.4.3 тасымалдау жолдары; тасымалданбайтын екі буынды сөздер туралы білу; 3.1.4.4 буындардың құрамы әртүрлі сөздерді буынға бөлу, санын, кезектілігін анықтау; буын</p>	<p>4.1.4.1 буын, тасымал ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеру; 4.1.4.2 сөздің дыбыстық, буындық құрамын талдау негізінде дұрыс жазу; 4.1.4.3 екпін, екпін түспейтін буындар; 4.1.4.4 екпіннің мағына ажыратушылыққызметі; 4.1.4.5 бір буыннан, көп буыннан тұратын сөздерді тасымалдау</p>

		<p>ережелерін қолдану; 3.1.4.5 қазақ тілінде сөздерге қосымшалардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке түрде жалғануын түсіну</p>	
1.5 Қазақ тілі әліпбиі	<p>2.1.5.1 әріптерді тану, әліпбиден әріптерді табу; 2.1.5.2 әліпбиде әріптердің орналасу ретін білу</p>	<p>3.1.5.1 қазақ тілінде әріптердің орналасу тәртібін білу; 3.1.5.2 сөздерді, білім алушылардың тізімін әліпби ретімен орналастыру; 3.1.5.3 тақырыпқа қатысты жаттығулармен тапсырмаларды орындау</p>	<p>4.1.5.1 қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібін білу; 4.1.5.2 алфавит анықтамасымен танысу, жаттау; 4.1.5.3 алфавит ретін бекітуге арналған әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау</p>
1.6 Дауыссыз дыбыстардың топтамасы	<p>2.1.6.1 дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту, ажырату; 2.1.6.2 қатаң және ұяң дауыссыздар; олардың айырмашылығы түсіну</p>	<p>3.1.6.1 қатаң, ұяң дыбыстарды атау, ажырату; 3.1.6.2 мәтіннен қажет сөздерді табу, жазу; 3.1.6.3 үнді дауыссыз дыбыстармен танысу, ажырата білу</p>	<p>4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану; 4.1.6.2 «Я, Ю» әріптердің емлесі; 4.1.6.3 жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ); 4.1.6.3 «И, Й» әріптердің жазылуы. Осы әріптер кездесетін сөздерге буындық және дыбыстық талдау жасау;</p>

			4.1.6.4 «В, Ф» дыбысы мен әріптері; айтылуы мен жазылуында ажырату; сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасау
--	--	--	--

2) «Сөз» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Заттың атауын білдіретін сөздер	2.2.1.1 заттың атын білетін сөздерді түсіну; 2.2.1.2 кім? не? деген сұраққа дұрыс жауап беру; жазу	3.2.1.1 жанды, жансыз заттарға сұрақ қою (кім? кімдер? нелер?) сұрақтарына жауап беру; 3.2.1.2 кімді? нені? кімге? неге? деген сұрақтарды қоя білу және жауап беру; 3.2.1.3 кімнің? ненің? деген сұрақтарды қоя білу және жауап беру; 3.2.1.4 сөздердің дыбыстық құрамын сақтап жазу; 3.2.1.5 жеке және бірнеше затты білдіретін сөздерді атау (доп-доптар, гүл-гүлдер)	4.2.1.1 затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел-беті, аяғы, тартпасы); 4.2.1.2 затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт - жемістер); 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу
2.2 Әрекетті білдіретін сөздер	2.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздерді түсіну, қолдану; 2.2.2.2 не істейді? не істеді? деген	3.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздерге сұрақ қою;	4.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздермен сөйлем құрау, жазу, қимыл сөздерді сөйлеу

	сұраққа жауап беру; 2.2.2.3 есімдіктің жағына, шағына қатысты сөздердің мағынасын түсіну	3.2.2.2 үлгі бойынша сөздерді өзгерту, қимыл сөздер құрау; 3.2.2.3 сөздерді жағына қарай өзгертіп, қолдану; 3.2.2.4 заттың қимылдарын білдіретін сөздерді қатыстырып сөйлем құрау	барысында дұрыс қолдану; 4.2.2.2 әрекетті білдіретін сөздерді жағына, шағына қарай өзгертіп, қолдану
2.3 Санды білдіретін сөздер	2.3.3.1 қанша? неше? нешінші? деген сұраққа жауап беру; 2.3.3.2 қанша? нешеу? деген сұраққа жауап беретін сөздер ойлау	3.2.3.1 заттың санын білдіретін сөздерге сұрақ қоя білу; 3.2.3.2 заттың санын білдіретін сөздерді мәтіннен дұрыс табу, жазу; 3.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру	4.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру
2.4 Заттың сынын білдіретін сөздер	2.2.4.1 заттың сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну; 2.2.4.2 қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беру; 2.2.4.3 түр-түсті, көлемді білдіретін сөздерді белсенді қолдану	3.2.4.1 заттың сынын білдіретін сөздерге сұрақ қоя білу; 3.2.4.2 мәтіндегі сынды білдіретін сөздерді табу, жазу, мағынасын түсіну, салыстыру; 3.2.4.3 адамның қасиетін сипаттайтын сөздерді түсіну, қолдану; 3.2.4.4 аталған заттың бірнеше белгісін (сапасын)	4.2.4.1 мәтіннен әртүрлі мағыналы сипат сөздерді табу, жазу; 4.2.4.2 заттарды үлгі бойынша өздігінен сипттап әңгімелеу; 4.2.4.3 баяндау барысында интонация элементтерін, вербальдық емес тілдік құралдарды қолдану

		тауып айту және бірнеше белгіні (сапаны) білдіретін сөздерге қарап заттың атын таба білу	
2.5 Түбірлес, мағынасы жақын, қарама-қарсы мағыналы сөздер	2.2.5.1 үлгі бойынша практикалық түрде түбірлес сөздермен танысу, мағынасын түсіну (оқу-білім алушы-оқытушы); 2.2.5.2 қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағынасын түсіну, қолдану	3.2.5.1 мағынасы жақын келетін сөздерді түсіну; 3.2.5.2 мағынасы қарама қайшы келетін сөздерді түсіну; 3.2.5.3 мәтіннен мағынасы жақын, қарама қайшы келетін сөздерді тауып мағынасын түсіндіру, жазу; 3.2.5.4 сөздермен сөйлем құрау, жазу	4.2.5.1 түбірлес сөздерді түсіну; түбірлес сөздердің анықтамасын білу; 4.2.5.2 түбірлес сөздерді табу, сөздің түбірін анықтау; 4.2.5.3 түбірлес сөздерге өзгерту дағдыларын меңгеру

3) «Сөйлем» бөлімі:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3- сынып	4-сынып
3.1 Сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру	2.3.1.1 көптік жалғаулардың мағынасын түсіну; 2.3.1.2 үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгерту; 2.3.1.3 сұраққа жауап беру, жазу. 2.3.1.4 септік жалғаулардың мағынасын түсіну, тәжірибелік түрде меңгеру	3.3.1.1 көптік, септік жалғауларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану; 3.3.1.2 дұрыс сұрақ қоя білу; 3.3.1.3 қарапайым ережелерді сақтап оқу, жазу	4.3.1.1 көптік, септік жалғауларды ауызша, жазбаша тілде қолдана білу

<p>3.2 Сөзжасам дағдыларын дамыту</p>	<p>2.3.2.1 үлгі бойынша кішірейтіп айтылатын жалғауларды қолданып сөз жасам дағдыларын меңгеру, түсіну (кітап-кітапша)</p>	<p>3.3.2.1 ша-ше, шық-шік, жан, тай сияқты кішірейтіп, еркелетіп айтылатын жұрнақтарды қолданып сөз өзгерту; 3.3.2.2 есімдіктің жағына, шағына қарай етістікті өзгерту,білуге, түсінуге, қолдана білуге үйрету</p>	<p>4.3.2.1 зат есім, сын есімдерді етістіктерге өзгерту, мағынасын түсіну, сөйлеуде қолдану (оқу-оқыды, сары-сарғайды)</p>
<p>3.3 Сөйлем түрлерімен таныстыру (хабарлы, сұраулы, лепті)</p>	<p>2.3.3.1 сөйлем құрылымымен танысу, меңгеру; 2.3.3.2 жай сөйлемдерді құрастыру, мағынасын түсіну, жазу; 2.3.3.3 сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтап білу; 2.3.3.4 жайылма сөйлемдерді құрастыру, мағынасын түсіну, жазу</p>	<p>3.3.3.1 сөйлем құрылымым қайталау; 3.3.3.2 сөйлемді аяқтау. тыныс белгілерін дұрыс қолдану; 3.3.3.3 сөйлемді талдау; 3.3.3.4 сөйлемді сызба бойынша жазу; 3.3.3.5 сөйлемді мәтіннен ажырату</p>	<p>4.3.3.1 сөйлем түрлерімен танысу (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату; 4.3.3.2 мәтіннен сөйлем түрлерін табу, түсіну; 4.3.3.3 сөйлемдерді салыстыру; 4.3.3.4 сөйлемдердің түріне байланысты интонацияны, дауыс күшін қолданып айту; 4.3.3.5 пунктуациялық, орфографиялық нормаға сәйкес жаза білу</p>
<p>3.4 Сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру, сөйлем құрамын талдау</p>	<p>2.3.4.1 іс-әрекет, сурет сұрақ бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастыру; 2.3.4.2 сөйлемдерді талдау, сызбасын сызу, талдау негізінде жазу</p>	<p>3.3.4.1 сөйлемді сұрақ арқылы кеңейту (Бала отыр.Бала партада отыр.Бала партада дұрыс отыр.); 3.3.4.2 кімнің? ненің? кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде?</p>	<p>4.3.4.1 сөйлемді аяқтап, жазуды үйрену; 4.3.4.2 сөйлемді өзгертіп айту, жазу (хабарлы сөйлемнен сұраулы сөйлем құру); 4.3.4.3 сөйлемнің тұрлаулы</p>

		деген сұрақтар арқылы сөйлем құрастыру; 3.3.4.3 сурет, ретсіз берілген сөздер арқылы сөйлем құрау; сөйлемнің сызбасын сызу	мүшелерімен танысу: бастауыш, баяндауыш (атап қана өту); 4.3.4.4 үлгі бойынша, әртүрлі сөйлем түрлерін құрастыру; 4.3.4.5 өзбетімен әртүрлі сөйлем түрлерін құрастыру
--	--	---	---

4) «Байланыстырып сөйлеу» бөлімі:
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3- сынып	4-сынып
4.1 Диалогтік сөйлеуін дамыту	2.4.1.1 сұрақты аяғына дейін тыңдау; сұрақты түсіну; 2.4.1.2 сұраққа толық жауап беру; 2.4.1.3 қарапайым сұрақ қоя білу (ойнайсың ба? барасың ба?)	3.4.1.1 күнделікті іс-әрекетке байланысты мұғалімге, сыныптастарына сұрақ қоя білу; 3.4.1.2 әңгімелесу тәсілі арқылы қысқа мәтін құрастыру; 3.4.1.3 белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру; 3.4.1.4 бөгде адаммен қарым-қатынасқа түсе білу	4.4.1.1 іс-әрекет бойынша сұрақтар қоя білу; 4.4.1.2 сурет бойынша сұрақтар қоя білу; 4.4.1.3 мәтін бойынша сұрақтар қоя білу
4.2 Мәтінмен жұмыс (сұраққа жауап беру, қысқаша мазмұнын айту)	2.4.2.1 екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу (сурет	3.4.2.1 мәтіннің мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен қарапайым және	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жоспарын (өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш)

	<p>мазмұны бойынша);</p> <p>2.4.2.2 екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу (белгілі тақырып бойынша);</p> <p>2.4.2.3 екі-үш суреттен құралған серияға ат қою. шағын (2-3 сөйлемдік) мәтін құрастыру;</p> <p>2.4.2.4 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (ертегі, жұмбақ, өлең), мазмұнын түсіну;</p> <p>2.4.2.5 мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін айту;</p> <p>2.4.2.6 мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша қарапайым сипаттамама әңгіме құрастыру (Алма қызыл, домалақ, дәмді, тәтті. Бақта өседі.)</p>	<p>нақты сұрақ қою, сұраққа жауап беру;</p> <p>3.4.2.2 әр түрлі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, түсінігін сұрақ бойынша қысқаша айту, жазу (мұғалімнің көмегімен);</p> <p>3.4.2.3 кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау (неге ұнайды? неге ұнамайды?)</p>	<p>анықтап, мазмұнын айту;</p> <p>4.4.2.2 өз бетімен мәтіннің жоспарын (өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш) анықтап, мазмұнын айту;</p> <p>4.4.2.3 өз бетімен өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттау;</p> <p>4.4.2.4 мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жазу;</p> <p>4.4.2.5 мәтінді өткен ережелерді сақтап, көшіру. Тыныс белгілерін қою</p>
<p>4.3 Әртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну</p>	<p>2.4.3.1 жазу техникасын жетілдіру. бас және кіші әріптерді жазу;</p> <p>2.4.3.2 сөйздерді буынға бөліп жазу;</p> <p>2.4.3.3 сөйлемдерді талдау; талдау үлгісін сызу, жазу;</p>	<p>3.4.3.1 мұғалімнің басшылығымен, ұжыммен сурет бойынша шағын әңгіме құрау, жазу;</p> <p>3.4.3.2 дыбыстық құрамын сақтап жазу;</p>	<p>4.4.3.1 ілеспелі сурет бойынша (көмекпен) шығын шығарма жазу;</p> <p>4.4.3.2 басталған әңгімені аяқтау;</p> <p>4.4.3.3 сөздік диктант жазу;</p>

	2.4.3.4 бөлек-бөлек берілген үш-төрт сөзден сөйлем құрап, жаздыру	3.4.3.3 оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу; 3.4.3.4 ауызша құрастырылған сөйлемдерді сызба үлгісі бойынша дәптерге көшіріп жазу	4.4.3.4 сөйлемді аяқтап жазып үйрену
4.4 Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру	2.4.4.1 сыпайы түрде сәлемдесу, қоштасу; 2.4.4.2 сұрақты, нұсқауды тыңдай білу	3.4.4.1 мектепте, сыныпта, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау; 3.4.4.2 үлкендермен сөйлесу мәдениетін білу	4.4.4.1 әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгеру

5) «Тіл нормаларын қолдану» бөлімі:
5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3- сынып	4-сынып
5.1 Орфографиялық нормалар	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән әріптері кездесетін сөздерді дұрыс жазу; 2.5.1.2 кісі, жер, су аттарын жазылу ережелерін сақтап жазу; 2.5.1.3 тасымалдау емлесін сақтап жазу	3.5.1.1 қазақ тіліне тән әріптері кездесетін сөздерді дұрыс жазу; 3.5.1.2 бас әріп, буын, тасымалға қатысты ережелерді есте сақтау, қолдану; 3.5.1.3 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс жазу	4.5.1.1 жалқы есімдер түбірлес сөздерге қатысты ережелерді сақтау; 4.5.1.2 мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді қатесіз дұрыс жазу

<p>5.2 Орфоэпиялық нормалар</p>	<p>2.5.2.1 жуан, жіңішке дауыстыларды нормаға сай айту, ажырату; 2.5.2.2 мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту</p>	<p>3.5.2.1 қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сай айту, ажырату; 3.5.2.2 әріп пен дыбыстарды ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту</p>	<p>4.5.2.1 дауысты, дауыссыз дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сай айту, жазу</p>
<p>5.3 Пунктуациялық нормалар</p>	<p>2.5.3.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату; 2.5.3.2 тыныс белгілерін қоя білу (мұғалімнің көмегімен), қолдану</p>	<p>3.5.3.1 өзбетімен сөйлем қарастыру; 3.5.3.2 тыныс белгілерін қою; 3.5.3.3 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану</p>	<p>4.5.3.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану</p>
<p>5.4 Каллиграфиялық нормалар</p>	<p>2.5.4.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазу; 2.5.4.2 бас әріп пен кіші әріптерді талаптарға сәйкес бір-бірімен байланыстырып анық, айқын жазу; 2.5.4.3 әріпі жетіспейтін сөздерді жазу; 2.5.4.4 белгілі бір әріп бойынша сөздер жазу; 2.5.4.5 көру, есту және түсіндірме диктант жазу</p>	<p>3.5.4.1 кең жолды дәптерге бас әріп пен кіші әріптердің мөлшерін сақтап үзбей біркелкі жазу; 3.5.4.2 жазу қарқынын жеделдету; 3.5.4.3 қолжазба және баспа мәтінін тұтас сөздермен көшіріп жазу; 3.5.4.4 20-25 сөзден құралған мәтінді жат жазу</p>	<p>4.5.4.1 әріптерді үзбей, біркелкі, таза жазуын жетілдіру: 4.5.4.2 қолжазба және баспа мәтінін тұтас сөздермен көшіріп жазу; 3.5.4.3 25-30 сөзден құралған мәтінді жат жазу</p>

33. Осы Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

34. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

35. Оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 2 - сынып:
1 – кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
1-тоқсан				
Өзім туралы Менің мектебім	1. Дыбыс және әріп	1.1 Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту	2.1.1.1 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды дұрыс айту, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну	
		1.2 Дыбыс және әріп арасындағы байланысы	2.1.2.1 дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың әріптік таңбалары	
	2. Сөз	2.1 Заттың атын білдіретін сөздер	2.2.1.1 заттың атын білетін сөздерді түсіну	
	3. Сөйлем	3.1 Сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру	2.3.1.1 көптік жалғаулардың мағынасын түсіну;	2.3.1.2 үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгерту
			4. Байланыстырып сөйлеу	4.1 Диалогтік сөйлеуін дамыту
	5. Тіл нормаларын қолдану	4.3 Әртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну	2.4.3.1 жазу техникасын жетілдіру. бас және кіші әріптерді жазу;	2.4.3.2 сөздерді буынға бөліп жазу
			5.1 Орфографиялық нормалар	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән әріптері кездесетін сөздерді дұрыс жазу
		5.2 Орфоэпиялық нормалар	2.5.2.1 жуан, жіңішке дауыстыларды нормаға сай айту, ажырату	
		5.3 Пунктуациялық нормалар	2.5.3.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату	
	5.4 Каллиграфиялық нормалар	2.5.4.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап жазу		
	2-тоқсан			
	Менің отбасым және достарым	1. Дыбыс және әріп	1.1 Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту	2.1.1.2 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды буында ажырату; 2.1.1.3 қазақ тіліндегі айтылуы ұқсас дыбыстарды сөзде ажырату

Бізді қоршаған әлем		1.2 Дыбыс және әріп арасындағы байланысы	2.1.2.2 акустикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер); 2.1.2.3 оптикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер); 2.1.2.4 кинетикалық жағынан ұқсас әріптерді ажырату (жазба әріптер)
	2. Сөз	2.1 Заттың атауын білдіретін сөздер	2.2.1.1 заттың атын білетін сөздерді түсіну; 2.2.1.2 кім? Не? деген сұраққа дұрыс жауап беру. Жазу.
	3. Сөйлем	3.1 Сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру	2.3.1.3 сұраққа жауап беру, жазу; 2.3.1.4 септік жалғаулардың мағынасын түсіну, тәжірибелік түрде меңгеру
	4. Байланыстырып сөйлеу	4.1 Диалогтік сөйлеуін дамыту	2.4.1.2 сұраққа толық жауап беру; 2.4.1.3 қарапайым сұрақ қоя білу (ойнайсың ба? барасың ба?)
		4.2 Мәтінмен жұмыс (сұраққа жауап беру, қысқаша мазмұнын айту)	2.4.2.1 екі-үш сөзден құралған шағын сөйлемдерді жүйелі түрде айта білу (сурет мазмұны бойынша)
		4.3 Әртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну	2.4.3.1 жазу техникасын жетілдіру. бас және кіші әріптерді жазу; 2.4.3.2 сөздерді буынға бөліп жазу
		4.4 Қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру	2.4.4.1 сыпайы түрде сәлемдесу, қоштасу; 2.4.4.2 сұрақты, нұсқауды тыңдай білу
	5. Тіл нормаларын қолдану	5.1 Орфографиялық нормалар	2.5.1.2 кісі, жер, су аттарын жазылу ережелерін сақтап жазу
		5.2 Орфоэпиялық нормалар	2.5.2.1 жуан, жіңішке дауыстыларды нормаға сай айту, ажырату; 2.5.2.2 мұғалімнің көмегімен қазақ тіліне тән дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту
		5.3 Пунктуациялық нормалар	2.5.3.2 тыныс белгілерін қоя білу (мұғалімнің көмегімен), қолдану
5.4 Каллиграфиялық нормалар		2.5.4.2 бас әріп пен кіші әріптерді талаптарға сәйкес бір-бірімен байланыстырып анық, айқын жазу	
3-тоқсан			
Саяхат	1. Дыбыс және әріп	1.3 Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігі	2.1.3.1 жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс айту, ажырату, олардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіну
		1.4 Дыбыстардың буын құру функциясы	2.1.4.1 буын ұғымымен танысу, түсіну; 2.1.4.2 буын құруды тәжірибе жүзінде меңгеру;

			2.1.4.3 әртүрлі буындарды талдау; 2.1.4.4 буын саны әртүрлі сөздерді буынға бөлу. Талдау үлгісін сызу
		1.5 Қазақ тілі әліпбиі	2.1.5.1 әріптерді тану, әліпбиден әріптерді табу; 2.1.5.2 әліпбиде әріптердің орналасу ретін білу
		1.6 Дауыссыз дыбыстардың топтамасы	2.1.6.1 дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту, ажырату; 2.1.6.2 қатаң және ұяң дауыссыздар. Олардың айырмашылығы
	2. Сөз	2.2 Әрекетті білдіретін сөздер	2.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздерді түсіну, қолдану; 2.2.2.2 не істейді? не істеді? деген сұраққа жауап беру
		2.3 Санды білдіретін сөздер	2.3.3.1 қанша? Неше? Нешінші? деген сұраққа жауап беру
		2.4 Заттың сынын білдіретін сөздер	2.2.4.1 заттың сынын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну; 2.2.4.2 қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беру
